

**Абдильманов Алтынбек Абуталиевич<sup>\*1</sup>,**

филология ғылымдарының кандидаты, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Қазақстан Республикасы, 090000, Орал қ., Н.Назарбаев даңғылы, 194, [altynbek10@mail.ru](mailto:altynbek10@mail.ru), ORCID ID: 0000-0003-3448-7251

## **Р.С.ЕГІЗБАЕВ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ КӨРКЕМДІК ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІГІ**

*Аңдатпа.* Ұсынылып отырған мақалада мемлекет қайраткері, соғыс және еңбек ардагері, КСРО Журналистер Одағының мүшесі Рахметулла Сүйіндікұлы Егізбаевтың әдеби-шығармашылық қызметі қарастырылады. "Шешуші күш" (очерктер, 1970ж.), "Қараша қаздар қайтқанда" (1975ж.), "Дала бұлбұлдары" (1985ж.), "Іздедім сені" (1985ж.) деген жинақтардың авторы. Мақала авторы жалпы Рахметулла Егізбаевтың әдеби шығармашылығына шолу жасап, оның тақырыптық бағытын жүйелеуге тырысады. Ақын Р.Егізбаевтың шығармаларындағы көркемдік құрылысына жеке тоқталады. Зерттеуші ақынның кейбір өлеңдеріне әдеби-көркемдік талдау жүргізеді, олардың маңызы мен бүгінгі күндегі өзектілігін ашуға тырысады. Талдау кезінде автор ақын шығармашылығының көркемдік әлемі мен ішкі уәжін бірқатар қазақ ақындарының, атап айтқанда С.Торайғыров пен Ж.Саиннің өлеңдерімен сабақтастыра салыстырады. Мақалада ақын Р.Егізбаевтың көңіл-күй лирикасын ашуға талпыныстар бар: Автор оның лирикасын бірнеше тақырыптық бағыттарға бөледі, лирикалық кейіпкерін анықтауға талпынады, көркем танымды беруде қолданған әдеби-теориялық тәсілдеріне, көркемдік құралына тоқталады. Р.Егізбаевтың поэзиясын салыстырмалы талдау және терең зерделеу барысында ақынның көптеген көркем ойларының өзегі, махаббат лирикасы өлеңдердегі негізгі бейне «мадоннасы» болып табылатын "Сәулежан" деп аталған лирикалық бейне төңірегінде екендігін анықтады.

*Кілт сөздер.* Шығармашылық, көркемдік ерекшелік, тақырыптық бағыт, лиризм, көркемдік әлем, тарихи шындық, поэтикалық образ

*Кіріспе.* Қай заманда болмасын, азаматтық қоғамда тұлғаға қарап ер өсетіні анық. Өскелең ұрпақтың өсіп-өну жолында алдында адымдап өткен биік тұлғалардың болғаны оларға өнеге екені сөзсіз. Ерекше болмысты, тау тұлғалы, ерен еңбекті адамдар әр қашанда ел есінде қалмақ. Сондай елінің жадынан шықпаған, жұртының қамымен еңбек еткен екі ұдайы өнерді қатар алып жүрген тұлға – Рахметолла Сүйіндікұлы Егізбаев. Бұл оның басқару өнері мен ақындығы. Академик Тұяқбай Зейітұлы өз очеркінде Р.Егізбаевтың өмірі мен шығармашылығына арнап қалам тере отырып: «Раханның өзге басшылардан бөлекше ерекшелігі оның ақындығы болатын», - деп ақын жүректі тарлан басшының өмір шындығы жайында деректер келтірген [1, 177].

Р.Егізбаевтың басқару өнері, мемлекеттік қызметі турасында көп айтылып, көп жазылып та жүр. Ал Рақанның ақындығы мен қаламынан туындаған шығармалар турасында пікір некен-саяқ.

*Зерттеу материалдары мен әдістері.* Р.С.Егізбаевтың «Қараша қаздар қайтқанда», «Дала бұлбұлдары», «Іздедім сені» секілді әр жылдарда жарық көрген жинақтарынан өлеңдері мен толғаулары мысал, талдау материалы ретінде алынды. Осы кезге дейін ақын шығармашылығы және өмір деректері туралы сөз қозғаған, ғылыми пікір қалдырған Т.З.Рысбековтың, публицистикалық баспа көздерінде жарық көрген Асқар Атаев секілді ізденуші авторлардың еңбектері зерделенді.

Зерттеу жұмыстары кезінде бақылау, әдеби салыстыру, баяндау, талдау әдістері қолданылды.

**Нәтижелер және оларды талқылау.** Ізденіс барысында Р.С.Егізбаевтың әдеби-шығармашылық ізденісі ерте жастан басталғандығын анықтадық. Алғашқы өлеңдері Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданының жергілікті газет бетінде «шәрімбет» деген бүркеншік атпен жарық көрген екен. Кейіннен 1975 жылы «Қараша қаздар қайтқанда», 1980 жылдары «Дала бұлбұлдары», және ақынның өзі өмірден өткеннен кейін жора-жолдастары мен отбасы мүшелерінің қолдауымен артынан қалған мұраны «Іздедім сені» өлеңдер мен толғау-дастандар жинағы етіп баспаға ұсынған. Біз де ізденуші ретінде өлең жинақтарына ерекше көңіл бөліп, әдеби-таным, әдебиет теориясы тұрғысынан зерделеу, талдау жұмыстарын жүргізуге талпындық.

Басқару өнері мен сөз өнерінің тізгінін тең ұстаған Рахметолла Сүйіндікұлы Егізбаевтың шығармашылығына мақсатты түрде зер салсақ, өрнекті өлең жолдары, толқынды толғаулары – мөлдір, дәл бір өз өмір-болмысының, атқарған еңбегінің айнасы іспетті. Ақындығы мен айбындылығы, азаматтығы мен әкімдігі бір нар тұлғаның бойына қауышқандығының куәсі боласыз.

Ақын «Елімнің қалсам жадында...» деген өлеңінде өмірлік бағыт-бағдарын сөзбен зерделеп әсем жеткізген. Нақты әрі шешуші қадам жасай алатын тұлға екендігін өлең пафосынан аңғартқан екен. Өлеңде:

*Шуақты күнгеі жағында,*

*Мәуелеп тұрар бабында.*

*Өсірсем деймін бәйтерек,*

*Мәңгілік Отан бағында,* - деуі оның асыл арманын, өмірлік мақсат-межесін бейнелейтіндей көрінеді [2, 5]. Өзіне дейінгі өр мінезді, өжет, елі үшін туған айбынды ақындардың ізін жалғайды десек болады. Мәселен, бұл сарын арғы уақытта:

*Қараңғы қазақ көгіне,*

*Өрмелеп шығып, күн болам!*

*Қараңғылықтың көгіне,*

*Күн болмағанда, кім болам?*, - деп өзіне зор жауапкершілікті артқан арқаның Сұлтанмахмұтымен үндесе, XX ғасыр басындағы аға буын Жұмағали Саиннің:

*«Мен ер болам, ер болам,*

*Ермен ертең тең болам.*

*Айбыным желдей есілген,*

*Уытты болам, ер болам»*,- деуімен қауышып жатыр. Ел қамын күйттеген ақынның өз өлеңінде арман-мақсатын жырға қосуы, азаматтық үнін танытуы заңды құбылыс секілді. Азаматтық үн, мысалға алынған өлең шумақтарының бойындағы рух сонау өр Махамбеттің жырларынан, арғысы жыраулар дәстүрінен тамыр алып жатырғаны сезіліп-ақ тұр.

Бұл тұрғыдан Рахметолла ақының да бейбіт елдің ертеңі үшін тек адал еңбек пен шынайы болмыс танытуды мақсат-мұрат санауы кездейсоқ емес. Ақын жүрегімен елін, туған жерін, ерен еңбек еткен ұл-қыздарын, қанды соғыста қалқан болған батырларын сүйіп, оларды жырларының басты тақырыбы, кейіпкері ретінде таңдап отырғаны да, сол «елінің кәдесіне жарасам» деген асыл арманының жемісі. Ақынның шығармашылығы «Шешуші күш» (очерктер, 1970), «Қараша қаздар қайтқанда» (1975), «Дала бұлбұлдары» (1985), «Іздедім сені» (1985) деген жинақтарда топтасқан.

Ақын өлеңдерінің тілін, көркемдік ерекшелігін талдауда белді ғалым, академик Зәки Ахметовтың еңбектерін негізге ала отырып жұмыс жүргіздік. Ғалым: «тіл кестесі дегенде әдеби тіл, көркем шығарманың тілі, жазушының тілі, кейіпкердің тілі сияқты ұғымдарды анықтаймыз, сонымен бірге тілдің бейнелілігі, бейнелеу құралдарын эпитет

(сипаттау), метафора (ауыстыру), метонимия (алмастыру), кейіптеу, тұспалдау, әсерлеу секілді сөзбен бейнелеу тәсілдерін бөлек алып қарастырамыз», - деп көрсеткен. Біз де сол ізбен ақынның тілін, өлеңдеріндегі ішкі сырын ашуға талпындық. Соның ішінде автордың өзіндік көзқарасын танытатын өлеңдеріне көбірек мән бердік [5, 10].

Ақын өлеңдері терең лиризмге толы. Лириканың ішінде азаматтық үндегі жырларын ерекше бағалауға болады. Жасөспірім ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу мәселесінде Рақан өлеңдері де таптырмас қазына. Біз мысалға алған «Елімнің қалсам жадында» деп аталған шағын өлеңнің өзінде үлкен мән жатыр, терең таным мен көркемдік әлем байқалады. Мәселен, ақын «елінің гүлденген болашағына үлес қосқысы келетін ниетін шарттылық арқылы «мәуелеген бәйтерек өсіруді» арман етеді. Бұл әрине жай ғана көгалдандыру амалы емес, егемен елдің ертеңіне атсалысудың шартты белгісіндей көрінеді. Терең символизм мен «ақындық мен» параллелизм жатыр.

Шумақта «мәңгілік Отан» тіркесінде «мәңгілік» сөзін эпитит түрінде арнайы қолданса керек. Өйткені елінің ертеңіне сенген, кемел келешегін аңсаған ақын, өлеңінің құрылымы шумақтарына мән мен терең ой беріп белгілі бір деңгейде сөз зерімен әсемдік бергенін де айта кеткен жөн. Мәселен,

*Тұрсам болды бабымда,  
Гүлдеп Отан бағында,  
Тогытып нұрға жанымды*

*Өшірмей ыстық жалынды,* - деп берілген жолдар инверсияға құрылып, «отан бағы» деген секілді метафоралық тіркеспен, «ыстық жалын» секілді эпититпен әдемі өрілген. Сол секілді келесі шумақтарда да инверсия жолын қолданып «алаула жүрек» деп кейіптеу, «тат баспас жады» дегендей эпититтермен көркемдік бейне туғыза білген. Ақынның өзіндік азаматтық ұстанымы, өмірлік бағыт-бағдары оның өзге де өлеңдерінен анық көрінеді. «Азамат сыры», «Даламен сырласу», «Талғам» т.т. Ақын шыншылдық пен еңбекқорлықты, адалдықты, мәрттікті жаны қалайтындығын ашық айтады. Мәселен, «Талғам» өлеңіндегі «екі жүзді жағымпазды жек көрем» деп зілді сөзін тура айтса, «Азамат сырында» «мансапқорды «қызыл дау», шындықпенен түйредім!» деп қаһарын танытады. Ал «Даламен сырласуда» ақын туған елі үшін қандай қиындыққа болса да шыдайтынын «күн туса ел басына – жауға шабам, ант етем, қобалжыман серттен тайып» деген жолдарымен жеткізеді. Азаматтық-патриотизмге толы өлеңдері өршіл, шыншыл, турашыл мінезді, еліне шексіз адал азаматтың бейнесін «авторлық менді» айқын көрсетеді.

Ақын поэзиясының көркемдік тұсына терең бойлай берсек, өлең шумақтарынан пәлсәпалық толғанысты, еркін риторикалық сұраққа құрылған сырластықты, терең тебіреніс пен жігерлі жалынды анық байқауымызға болады. Мәселен, шалыс ұйқасқа құрылған мына өлең жолдарында:

*Шалғайда жүріп қосылмай,  
Сағындырдың мөлдір көз.  
Өзің айтшы, досым-ай,*

*Қанша маған дейсің төз!?,* - деп ішкі жан дүниесін, сезім иірімін көркем баяндайды. Бейнені «мөлдір көз» деп алынған синекдоха арқылы жұмбақ бейне ретінде оқырманын ынтықтырады. Әрмен қарай сұрақ қою тәсілі арқылы жан сырын ақтаруға бел байлайды.

*Халімді менің түсін, сез,  
Қапаланам таң атпай,  
Келші, сәулем, келші тез,*

*Жолыңа ұзақ қаратпай!,* - деген жолдар арқылы ақын бар ынтазарлығын жайып салады [3,13]. Осы өлең жолдарында кезігетін «сәулем» сөзі ақынның тұтас шығармашылығында айрықша тебіреніс пен шабыт беруші жинақы бейнедей көрінеді.

Оған дәлел «сәулем», «сәулежан», «сәулешім», «жан сәулем» деген сияқты тіркестердің ақын өлеңдерінде дәлірек айтсақ, махаббат лирикасында басты бейне ретінде алынуы болып отыр. Мәселен, «Іздедім сені» жинағының «Жүрек сыры» бөлімі толықтай осы жұмбақ бейне тылсым сырдың иесі «Сәулежанға» арналғандай әсер қалдырады.

Бірде ақын:

*Жайлы самал беттен өпкен*

*Алып қашып күлкіні,*

*Есіңде ме, сәулежаным,*

*Аппақ айлы май түні?, - десе «Мөлдір көз» өлеңінде*

*Матап ап жүрегімді қойдың тұсап,*

*Сондықтан жүрмін міне, Мәжнүнге ұқсап,*

*Жан сәулем, бұл халімді ескердің бе,*

*Қалдырып әлде шалғай кеттің бе ұзап?! - деп сағына жазады. Тағы бір «Сырлы бұлақ» өлеңінде кіршіксіз махаббатын кезіктірген жерге келіп, шарық ұра іздегендей былайша сыр шерткен:*

*Сыбдырлап баяғыша мөлдір бұлақ,*

*Сырғанап ағып жатыр төмен құлап.*

*Сол жерде кездесіп ек, кеттің қайда,*

*Сәулежан, қалай табам, кімнен сұрап?*

Келесі бір өлеңдері осы бір өлеңдердің жалғасындай, сүйіктісін кезіктіріп, онымен табысқандай сыр шертеді:

*Өтер деп, тіпті жылдам мынау дәурен,*

*Көзіңнің мөлтілдетпе жасын, сәулем.*

*Құс жүрек бірге соқсын айнымастан,*

*Кәусәрдай болсын таза, тыныс – әр дем*

немесе

*Бұл адам өткен күнін байқай алмас,*

*Қартайып қалғанбыз ба? Ұлғайып жас...*

*Сәулежан, есіңде ме, тау шатқалы,*

*Қыдырған қолтықтасып – өрмелеп мас!?, - дей отырып бұл образдың ақынның егде тартқан шағында да өзімен бірге екендігін меззейді.*

Бәлкім, өлеңдер әр келкі, әр мезетте, әр жағдайда жазылса да, оларды қауыштырып тұрған бірнеше фактор бар екендігі аңғарылады. Біріншіден, ол сол бір бейне, екіншіден, сол бейнеге деген ынтықтық, сағыныш, кіршіксіз махаббат, ал үшіншіден, ақын өткені мен бүгінгісін байланыстыра отырып өлеңде сол бейнемен белгілі бір диалогқа түскендей мазмұндылық беріп отырады. Барлық өлеңдерінде ақынның бейне бір адамды сарыға күтіп жүргендей, жүрек жарасына дауа іздегендей, кей сәтте онымен қауышып дамылдағандай әсер қалдырады.

Тұтас махаббат поэтикасын негізгі бейне, сезім нысанына қатысты дамыта суреттеу әлем әдебиетінде бар құбылыс. Бұған біз Данте Альгеридің «Беатричесін», Франческо Петрарканың «Лаурасын» атап көрсетсек жеткілікті. Сол секілді поэзияда муза болған бейнелерге мысалдарды көптеп келтірсек болады. Сондықтан Рахметолла ақынның «Сәулесі» оның жүрек нұры, поэтикасының биік өлшемі сынды болып бағаланады.

Махаббат лирикасы қазақтың сыршыл ақындарының ішінде Мағжан ақынға жақын кеткен, өлеңге жеңіл эротикалық сарын қосқан тұстарын да аңғару қиын емес. Мәселен, Мағжан ақын:

*Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да!*

*Жылы, тәтті у тарады қаныма.*

*Бұл ләззаттың бір минутын бермеймін,  
Патша тағы, бүкіл дүние малына., -десе*

Рахметолла:

*Мөлдір көз, ерініңнен балдай тәтті,  
Мен сүйіп сезгем алғаш махаббатты,  
Мейірімсіз ажал жұтып кеткенінше,  
Мен гажап ұмытпасын осы шақты, - деген екен.*

Мағжан:

*Құшақтатып нәзік талдай бөліңнен,  
Сүйгіз, сәулем, тәтті балдай тіліңнен.  
Бой шымырлап, талықсиды жүрегім,  
Балқып денем, барам еріп деміңнен, - десе*

Рахметолла:

*Бозторғай жырға бөлеп ауыл маңын,  
Бұлбұл да тамылжытты сиқырлы әнін.  
Бұраң бел, тұңғыш рет құшқаныңда,  
Балқыды, елжіреді жүрек-жаным, - дей келе, «Сәулешім» өлеңінде:*

*Маужырап махаббаттың балына,  
Сүйіші қатты баяғыша – тағы да.*

*Ләззаттың оттай арбап барады,*

*Бірден-бірге жылы тиіп жаныма, - деп жырлаған екен*[2, 32]. Бір ерекшелігі – Рахметолла ақынның бұндай өлеңдерінде екі ұдайы нәрсені қатар қойып суреттеуі. Мәселен, ауылдың тамылжыған жайлы табиғаты, жастардың табысуы секілді қатар тұрған сюжеттік суреттеу арқылы ішкі сезім иірімдерін ұтымды бере алған.

Ақынның махаббат лирикасы өлеңдерінде сәтті қолданылған көркемдік амалдарының қатарында кейіптеу де жиі ұшырасады. Мәселен, «Наз» өлеңінде «самал жел беттен өбіп, тербей ескен» деп жырласа, «Жүректі тебіrentтің» өлеңінде «сағыныш сезімімде түртіп тұрса» дейді. Тағы бірде «ұшырып қиял құсы – түлегімді, жібердім хатқа орап жүрегімді» деп қиыннан қиыстырады да, өз қиялын «түлек» деп тірілтіп, «жүрегін хатқа орап» шарттылықты, белгілі бір метафораның күрделі түрін ұтымды қолданған.

Рахметолла ақынның табиғат лирикасы эпитетке, теңеу мен балаудың түрлеріне толы десе болады. Мәселен, «Шалқар таңы» өлеңінде:

*Ілінген көк жиекке торғын шеті,*

*Ақ айдын, күміс көбік көлдің беті.*

*Самал жел жұпар желіп аймалайды,*

*Мүлгіген тылсым дүние... Таңғы жеті.* – деп сөзбен әсем сурет салады. Ал «Шәрімбет саздарында» жазира даланың сұлулығын:

*Көк кілем – кербез дала манаураған,*

*Бұр ашып, гүл бәйшешек алаулаған.*

*Мәз-майрам бүкіл әлем жан иесі,*

*Тіршілік дүниесінен нәр аулаған, - деген жолдармен кестелейді* [3, 14].

Ақынның лирикалық өлеңдері лириканың бірнеше түрімен қауышып жататындығын да айта кеткен дұрыс. Мәселен, бейнелі сурет салып оны әсем табиғаттың келбетімен қауыштырады да, ішінде терең пәлсәпалық ойға да кезек береді.

Рахметолла ақынның поэзиясындағы лирикалық әуен оның арнауларынан да айқын көрініс тапқан. Көңіл-күйдің, зор сүйіспеншіліктің ноталарын дәл тербей алған.

Р.С.Егізбаевтың поэзиясында ерекше орын алар тағы бір дүние бұл – жыр-дастандар. Бұл тұрғыдан ақынның жидашылық қырын да байқауымызға болады.

Ақынның ерекше назарға ілігетін аңыз-дастандарының бір Қайсақ батыр турасындағы еңбегі. Дастан ел ауызында шежір болып жырланып жүрген, Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы маңында ноғайлы ел-жұрттың, сол елдегі ақ сақал-қариялардың немерелеріне жыр қылып ауыздан ауызға жалғап келген поэтикалық образды хатқа түсіріп, көркем өңдеп, сюжеттік динамика тұрғысынан жетілдіре жүйелеп бас-аяғы бүтін сом бір дүниеге айналдырған.

Дастанда:

*«Мақтанам! Жасырайын кімнен несін?*

*Қазекең алып жеп жүр несібесін.*

*Тарихи қалтарыста қалып қоймай, -*

*Деп қария бастап кетті әңгімесін,* - дей келе ақын қазақтың өткен тарихындағы бір шындықты шежіре қылып баяндауға кіріседі.

*Қан төгіс, қырғын-сүргін сонау заман,*

*Қайда боп, не істеді екен менің бабам?*

*Тек қана ақиқаты – жауынгер ел,*

*Тарихта ізі жатыр тарам-тарам!*, - деп сюжеттік желіге бастау алады. Ортаңғы бейне Қайсақ батырдың ерен ерлігі, елі үшін қамқоры, нағыз батырлардың жекпе-жегі, астындағы тұлпарының иесімен үндесе әрекет етуі шынайы батырлық келбетін көз алдымызға елестеді. Ақын батырдың образы арқылы жас ұрпаққа өнеге, үлгі бергісі келетіндігі Қайсақтың ұранды сөзімен айтқан жолдары куә:

*«Ешқашан бұзылмасын ауыз бірлік,*

*Тек сонда сақталады еркіншілік.*

*Іргелі ел ұйымдасқан бәрімізді,*

*Басқарсын бір астана – ортақ кіндік,-*дей келе,

*Бұл сөзді, ер азамат, саған айтам,*

*Ақ тілек ел ұясы – анаға айтам.*

*Ел үшін құрбан болған ағалардың,*

*Ерлігін ескерсін деп, балаға айтам»,* - деп елін сүйген, жерін сүйген тұлғаларды үлгі-өнеге етеді [4, 24].

Дастан-аңызды жазу барысында негізгі ой-қазығы, сюжеттік желінің кімнен алынғандығынан да сыр шертіп кеткен.

*... Дише қарт шертіп аңыз бір кез маған,*

*Қайсақтың батырлығын мадақтаған.*

*Өремнің жеткенінше жырға қостым,*

*Сырын сол шежіренің ел сақтаған,* - [4, 25] деген жолдары бұған делел болып тұр.

Ақын Р.Егізбаевтің дәл осы «Қайсақ» дастан-аңызы аса құнды. Дастан арқылы тарихта айтылмайтын, бүгінгі күнде ел-іші азаматтарының бірі біле бермейтін шежірені көркемдік туындыға айналдыруы - көне көз қариялардан естіп жазып алған халықтық мұраның сақталуына септігін тигізгенін анық байқаймыз. Ақынның бұдан өзге «Атамекен», «Ақжайық – Жоңғар әуендері» атты толғау-дастандары да тарихи шындыққа құрылған көркем дүниелер.

**Қорытынды.** Ақын поэзиясы тақырыбы жағынан да, көркемдігі жағынан да өскелең ұрпақты тәлім-тәрбиеге үйретер тың дүниелер. Әр өлеңінің шумағы сөз өнерінің әсемдігін сездіре алатындай қуатты. Қазақтың жыр-дастандарының үлгісі ерте поэзиясында әсіресе, ерлік пен елдік тақырыбын қозғаған «Қайсақ батыр» туралы жыр төккенде анық байқалады, ерекше рухты, өлеңдегі динамиканы сездіреді. Ақын болмысы, поэтикалық «мені» қай шығармасынан болсын ашық көрінеді. Мейлі, махаббат лирикасы болсын не азаматтық бағыты болсын, ақын өз тұжырымы мен танымын байқатып отырады.

Қорыта айтқанда, Р.Егізбаевтың көркемдік әлемі, тұлғалық келбеті жан-жақты, терең ғылыми зерттеуді қажет ететін дүние. Рахаң ұлтымыздың рухын көтерген тарихи тұлғаларымыздың есімдерін асқақтата келе, өзі де ірі істермен айналысқандығы жайында зиялы қауым өкілдері жиі айтып жүр [6, 7]. Оның қоғамдық-саяси өмір мен ұлттық құндылықтарды да өз ортасында насихат ете алғандығы ерекше тақырып болып отыр. Кезінде З.Ахметов: «Көркем әдебиет пен идеологияның, саясаттың арасында жалғастық байланыс болатыны, әрине талассыз», - деген болатын [5, 16]. Ақын жанды басшының шеберлігі, ұлт үшін аянбай еңбек еткендігі, өнер мен білімге қамқорлығы өмір жолынан, шығармашылығынан да анық көрініс табады. Өзі жүрген ортада басшылық өнер мен қатар сөз өнерін де қатты құрмет тұтқан. Рахаң қазақтың маңдайына біткен, бетке ұстар өнер қайраткерлері, ақындарымен шығармашылық, әріптестік байланыста болған. Мәселен, бұл қатарды зерттеуші Айнаш Бисекенова былайша өрбітіп тізбектейді: «Жұбан Молдағалиев, Ғафу Қайырбеков, Сағынғали Сейітов, Ғарифолла Құрманғалиев, Оразақын Асқар, Роза Бағланова, Бибігүл Төлегенова және басқа да руханият өкілдерін ауданға шақырып, жұртшылыққа рухани демалыс сыйлап, талантты тұлғаларға құрмет көрсете білген» [7, 11].

Шығармашылық жолында елдік пен ерлік тақырыбын ұштастыра отырып қатал басшы, сыршыл ақын ретінде танылды. Әрине, әдеби мұрасы ғылыми-теориялық, әдеби танымдық тұрғыдан әлі де тың әлі де қалың. Ақын лирикасы жік-жікке бөлініп, тақырыптық топталып қарауды қажет етсе, оның толғаулары мен дастандары тарихи шындық, идеялық көркемдік жағынан таптырмас құнды дүниелер. Ерекше бөліп қарастырылатын бағыты Отан соғысы, ел қорғау, махаббат, еркіндік, азаматтық парыз тақырыптары бүгін де өзектілігін жойған емес.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Рысбеков, Т.З. Тарихи тұлғалар: уақыт және өмір жолдары. 2 кітап. [Текст] / Т.З.Рысбеков. – Орал, 2017. – 360 б.
- 2 Егізбаев, Р.С. Қараша қаздар қайтқанда. Өлеңдер. [Текст] / Р.С.Егізбаев. – Алматы: Жазушы, 1975
- 3 Егізбаев, Р.С. Дала бұлбұлдары. Өлеңдер мен дастандар. [Текст] / Егізбаев, Р.С. – Алматы: Жазушы, 1980 – 74 б.
- 4 Егізбаев, Р.С. Издедім сені. Өлеңдер, толғаулар. [Текст] / Р.С. Егізбаев. – Алматы: Жазушы, 1985 – 126 б.
- 5 Әдебиеттану: терминдер сөздігі [Текст] / құраст.: З. Ахметов, Т. Шаңбай, жауапты ред. З. Ахметов, Семей мемлекеттік педагогикалық институты. Шәкәрімтану ғылыми-зерттеу орталығы. 3-ші бас. – Семей; Новосибирск: Талер-Пресс, 2006. – 400 б.
- 6 Атаев А. Тайыр ескерткішін тұрғызған тарлан еді. [Текст] / А.Атаев. // Егемен Қазақстан газеті – 2016 – 12 қаңтар
- 7 Бисекенова, А. Еңбегін елі ұмытпас ер [Текст] / А. Бисекенова. // Орал өңірі. – 2024 – 9 мамыр. – 7 б.

### REFERENCES

- 1 Rysbekov, T.Z. Tarikhi tulgalary: uakyt zhane omir zholdary. 2 kitap. [historical figures: time and ways of life. 2 books.]. Oral, (2017): 360 b.
- 2 Egizbaev, R.S. Karasha kazdar kaitkanda. Olender. [November when the geese return. Poems.]. Almaty: Zhazushy, (1975)
- 3 Egizbaev, R.S. Dala bulbuldary. Olender men dastandar. [Steppe Nightingales. Poems and epics.]. Almaty: Zhazushy, (1980): 74 b.
- 4 Egizbaev, R.S. Izdedim seni. Olender, tolgaular. [I was looking for you. Poems,

reflections.]. Almaty: Zhazushy, (1985): 126 b.

5 Adebiettanu: terminder sozdigi [Literary Studies] / kurast.: Z. Akhmetov, T. Shañbai, zhauapty red. Z. Akhmetov, Semei memlekettik pedagogikalyk instituty. Shakarimtanu gylymizertteu ortalygy. 3-shi bas. Semei; Novosibirsk: Taler-Press, (2006): 400 b.

6 Ataev A. Taiyr eskertkishin turgyzgan tarlan edi. [It was Tarlan who erected the monument to Atayev A. Tair.]. Egemen Kazakhstan gazeti, (2016): 12 kantar

7 Bisekenova, A. Enbegin eli umytpas er [the country of Labor is not forgotten]. Oral oniri, (2024): 9 мамыр, 7 b.

## ХУДОЖЕСТВЕННАЯ СТРУКТУРА И СПЕЦИФИКА СТИХОТВОРЕНИЙ Р.С.ЕГИЗБАЕВА

**Аннотация.** В данной статье рассматривается вопрос литературно-творческой деятельности государственного деятеля, ветерана войны и труда, члена Союза Журналистов СССР Рахметуллы Суюндиковича Егизбаева. Он является автором сборников стихотворений и очерков как «Решающая сила» («Шешуші күш») (очерки, 1970г.), «Перелет степных гусей» («Қараша қаздар қайтқанда» (1975г.)), «Степные соловьи» («Дала бұлбұлдары» (1985г.)), «Ищу тебя» («Іздедім сені» (1985г.)). Автор статьи проводит обзор по литературному творчеству Рахметуллы Егизбаева в целом и старается систематизировать его тематическое направление. Отдельно останавливается на художественном строе произведений. Исследователь проводит литературно-художественный анализ некоторых стихотворений поэта, делает попытки раскрытия их сущности в целом и значимости на сегодня. При анализе автор сравнивает художественный мир и внутренние мотивы творчества поэта с тенденциями стихов ряда других казахских поэтов, в частности С. Торайгырова и Ж. Саина. В статье есть попытки раскрытия глубокого лиризма поэта Р. Егизбаева; автор делит его лирику на несколько направлений, но все же объединенных одной личностью. Сравнительный анализ и глубокое изучение поэзии Р. Егизбаева выявил наличие лирического образа «Саулежан», который является стержнем многих художественных мыслей поэта.

**Ключевые слова.** Творчество, художественная специфика, тематическая направленность, лиризм, художественный мир, историческая реальность, поэтический образ.

## ARTISTIC STRUCTURE AND IDIOSYNCRATIC FEATURES OF POEMS BY R. S. EGIZBAEV

**Abstract.** This article investigates the literary career of Rakhmetully Suiundikovich Egizbaev, a government official, a World War II veteran, and a member of the Journalists' Union of the USSR. He is the author of collections of poems and essays such as “The Deciding Power” («Шешуші күш») (essays, 1970г.), “Migration of the Steppe Geese” («Қараша қаздар қайтқанда» (1975г.)), “Steppe Nightingales,” («Дала бұлбұлдары» (1985г.)), and “Looking For You” («Іздедім сені» (1985г.)). The author of the article provides an overview of Egizbaev’s oeuvre and attempts to organize it thematically. Special attention is given to literary analysis of select works. While conducting literary analysis, the researcher seeks to discover the poems’ overall meaning and to contextualize their importance for contemporary audiences. What is more, the author compares the esthetics and literary motifs of Egizbaev’s literary creations with the works of other Kazakh poets, namely Sultanmahmut Toraigyrov and Zhumagali Sain. The article attempts to explore the deep lyricism of Egizbaev’s poetry; the

researcher identifies several creative directions in his work but argues that Egizbaev's oeuvre is nevertheless united by a single identity. Comparative analysis and close reading of Egizbaev's poetry has revealed the presence of a character "Saulezhan" which serves as the core of the poet's many creative ideas.

**Key words.** Creativity, artistic specificity, thematic orientation, lyricism, artistic world, historical reality, poetic image.